# Ведомствоаралық комиссия құру туралы

*Күшін жойған*

Қазақстан Республикасы Президентінің Өкімі 1993 жылғы 19 шілде N 1297. Күші жойылды - ҚР Президентінің 2006.01.09. N 1696 жарлығымен.

1. "Жаппай саяси қуғын-сүргіндер құрбандарын ақтау туралы" 1993 жылғы 14 сәуірдегі Қазақстан Республикасының Заңын іске асыру мақсатында жаппай қуғын-сүргіндерді қолдануға және адам құқына қол сұғуға негіз болған заң актілерін, үкімет, партия және басқа органдардың шешімдерін, сондай-ақ ведомстволық актілерді құпиясыздандыру жөнінде мына құрамда ведомствоаралық комиссия құрылсын:

Тақуов Хайыржан Шайқыұлы - Қазақстан Республикасының Президенті мен Министрлер Кабинеті Аппараты басшысының бірінші орынбасары, комиссияның төрағасы

Қасымбеков Махмұд Базарқұлұлы - Қазақстан Республикасының Президенті мен Министрлер Кабинеті Аппаратының Жалпы бөлімінің меңгерушісі, комиссия төрағасының орынбасары

Байжанов Сапар - Қазақстан Республикасының Министрлер Кабинеті жанындағы Бас архив және құжаттама басқармасының бастығы, комиссия төрағасының орынбасары

Комиссия мүшелері

Ахметов Серік Баужанұлы - Қазақстан Республикасының Министрлер Кабинеті жанындағы Ақпаратты қорғау жөніндегі мемлекеттік техникалық комиссия төрағасының орынбасары

Қозыбаев Манаш Қабашұлы - Қазақстан Республикасының Ұлттық ғылым академиясының академигі, Ш.Ш.Уәлиханов атындағы тарих және

этнография институтының директоры, Әділетерікті тарихи-ағарту қоғамының төрағасы

Хасанаев Марат Жақсыбайұлы - Қазақстан Республикасының Орталық мемлекеттік архивінің директоры

Қарпықова Ғалия Әбдіқадырқызы - Қазақстан Республикасының Орталық мемлекеттік қазіргі заман тарихы архивінің директоры

Локтев Виктор Владимирович - Қазақстан Республикасының Ұлттық қауіпсіздік комитеті архивінің бастығы

Васько Виктор Григорьевич - Қазақстан Республикасының Ішкі істер министрлігі жанындағы ақпараттық-есептеу орталығы бастығының орынбасары

Гапич Михаил Ульянович - Қазақстан Республикасының Бас прокуратурасының қалпына келтіру бөлімінің прокуроры

Ашитов Батыржан Заиржанұлы - Қазақстан Республикасының Президенті мен Министрлер Кабинеті Аппаратының Құқық қорғау органдары бөлімінің референті

Исақов Орынбасар - Қазақстан Республикасының Президенті мен Министрлер Кабинеті Аппаратының Ішкі саясат бөлімінің референті

2. Құпиясыздандыру жөніндегі ведомствоаралық комиссия өз қызметінде "Қазақстан Республикасының мемлекеттік құпияларын қорғау туралы" Қазақстан Республикасы Заңының және Қазақстан Республикасының Министрлер Кабинеті бекіткен "Құпиялылық режимін қамтамасыз ету жөніндегі нұсқаудың" ережелері мен талаптарын қатаң басшылыққа алып отырсын.

3. Министрліктердің, ведомстволар мен ұйымдардың басшылары құпиясыздандыру жөніндегі ведомствоаралық комиссияның жаппай қуғын-сүргіндерге негіз болған құжаттар мен материалдарға кедергісіз қолы жетуін қамтамасыз етсін.

*Қазақстан Республикасының Президенті*

© 2012. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің «Қазақстан Республикасының Заңнама және құқықтық ақпарат институты» ШЖҚ РМК